

Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 сәуірде № 32263 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2023 жылғы 7 сәуірдегі
№ 65 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасында медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 20.12.2024 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес әзірленді және медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру процестеріне қойылатын талаптар мен қағидаларды белгілейді.

2. Осы Стандартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) балаларды медициналық оңалту тиімділігі – жұмыс істеудің халықаралық сыныптамасы өлшемшарттары негізінде емдеу/оңалту курсы аяқталғаннан кейін пациенттің биопсихологиялық-элеуметтік функцияларының бастапқы және қорытынды диагностикасының (бұдан әрі – БПӘФ) деректерін салыстыру нәтижелері бойынша динамикалық көрсеткіштердің арақатынасы;

2) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

3) ересектерді медициналық оңалту нәтижесі – медициналық оңалтуға дейінгі бастапқы жай-күйдегі оңалту әлеуетінің қорытынды сомасы мен оңалту балдарындағы медициналық оңалтудан кейінгі нақты жай-күйдегі оңалту әлеуетінің қорытынды сомасы арасындағы айырмашылық;

4) клиникалық хаттама (бұдан әрі – КХ) – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;

5) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер - аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

6) медициналық абилитация – мүгедектігі бар балалардың қалыптаспаған функциялар мен дағдыларды меңгеруге немесе алмастыруға және оларды қоғамға интеграциялауға бағытталған медициналық оңалту процесі. Медициналық абилитация туа біткен функционалдық шектеулері бар балаларға олар үш жасқа толғанға дейін жүргізіледі;

7) медициналық көрсетілетін қызметтер – нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту және паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілерінің іс-әрекеттері;

8) медициналық оңалту – пациент организмiнiң функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын iшiнара немесе толық қалпына келтiруге бағытталған медициналық көрсетiлетiн қызметтер кешенi;

9) мiндеттi әлеуметтiк медициналық сақтандыру (бұдан әрi – МӘМС) – әлеуметтiк медициналық сақтандыру қорының активтерi есебiнен медициналық көрсетiлетiн қызметтердi тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөнiндегi құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешенi;

10) мультипәндiк топ (бұдан әрi – МПТ) – пациент организмiнiң функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйiнiң ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлi мамандар тобы;

11) оңалту әлеуетi (бұдан әрi – ОӘ) – белгiлi бiр уақыт аралығында пациенттiң организмiнiң бұзылған және (немесе) жойылған функцияларын iшiнара немесе толықтай қалпына келтiрудiң клиникалық тұрғыдан негiзделген мүмкiндiгi;

12) оңалту балы – оңалту араласулары нәтижесiнде тiршiлiк әрекетi мен денсаулықтың жұмыс iстеуiнiң, шектелулерiнiң халықаралық сыныптамасы доменiнiң ауытқу дәрежесi бойынша оңалту диагнозын бiр қадамға өзгерту;

13) оңалту орталығы - медициналық оңалту жөнiндегi лицензияның негiзiнде амбулаториялық немесе стационарлық жағдайларда, санаторийлiк-курорттық ұйымдарда оңалту қызметтерiнiң кешенiн көрсететiн дербес медициналық ұйым немесе медициналық ұйымның құрылымдық бөлiмшесi;

14) оңалту бағдарының шкаласы (бұдан әрi – ОБШ) – тыныс-тiршiлiктiң жұмыс iстеу және шектелу жай-күйiн бағалауға негiзделген медициналық оңалтуды алу деңгейiн айқындайтын шкала;

15) оңалту диагнозы – туындаған зақымдануды сипаттауды және осы бұзушылықтың салдарынан болған тұрмыстық және кәсiби дағдыны және БӘФ қамтитын аурудың (жарақаттың) функционалдық салдарын бағалау өлшемiн тiршiлiк әрекетi мен денсаулықтың жұмыс iстеуiнiң, шектелулерiнiң халықаралық сыныптамасы санаттарында көрсететiн диагноз;

16) оңалту картасы – зерттеу жүргiзiлген, оңалту емiнiң нәтижесi көрсетiлген науқастың объективтi жағдайы туралы деректер жазылған бастапқы медициналық құжаттаманың нысаны;

17) оңалтудың қысқа мерзiмдi мақсаты – ағымдағы оңалту курсынан кейiн пациенттiң күткен жағдайы;

18) оңалтудың ұзақ мерзiмдi мақсаты – негiзгi оңалту курсынан кейiн пациенттiң күтетiн соңғы жағдайы;

19) пациенттi оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлiгi (бұдан әрi – ОЖБ) – медициналық көрсетiлетiн қызметтердiң көлемiн, оңалтуды жүргiзу түрлерi мен мерзiмдерiн көрсететiн оңалту iс-шараларының жоспары;

20) санаторийлік-курорттық ұйымдар – медициналық және өзге де көрсетілетін қызметтерді, курорттарда немесе емдеу-сауықтыру орындарында орналасқан табиғи емдік факторларды қолдана отырып, адамның денсаулығын сауықтыру және қалпына келтіру жөніндегі қызметтерді көрсететін ұйымдар;

21) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

22) тіршілік әрекеті мен денсаулықтың жұмыс істеуінің, шектелулерінің халықаралық сыныптамасы (бұдан әрі – ЖХС) – денсаулық, тіршілік әрекетінің шектелуі және жұмыс істеу компоненттерінің сыныптамасы;

23) халықаралық өлшемшарттар (индекстер, шкалалар, тесттер) – БӘФ бұзылу дәрежесін, адамның оңалту әлеуетін бағалауға, медициналық оңалтудың көлемін, тактикасы мен кезеңділігін анықтауға мүмкіндік беретін медициналық оңалту құралдары;

24) физикалық медицина және оңалту (бұдан әрі – ФМО) – медициналық оңалтумен айналысатын медицина маманы;

3. Медициналық оңалту жөніндегі медициналық қызметті "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен алынған қызметтің көрсетілген түріне мемлекеттік лицензиясы болған кезде меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілері жүзеге асырады.

Медициналық көмек көрсету деңгейлері бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға қойылатын талаптар осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес "Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығында көрсетілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық оңалтудың II-II кезеңдерінің АХЖ-10 класының XXI коды бойынша нақтыланған диагноз көрсетілген АХЖ-10 кодтары бойынша диагноздардың және АХЖ-9 кодтары бойынша операциялардың (манипуляцияциялардың) тізбесіне сәйкес штаттық нормативтердің жасақталуы және медициналық бұйымдармен жарақтандырылуы сәйкестігі болып табылады.

4. Медициналық оңалту ТМККК, МӘМС, ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде және ақылы негізде көрсетіледі.

5. Төтенше жағдайлар кезінде және (немесе) пандемия уақытында медициналық оңалтудың қолжетімділігін арттыру үшін "Қашықтықтан медициналық қызметтерді ұйымдастыру, ұсыну және ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № ҚР ДСМ-12 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22151 болып тіркелген) сәйкес қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер қолданылады.

2-тарау. Медициналық оңалтуды көрсететін ұйымдардың құрылымы

6. Меншік нысанына қарамастан медициналық оңалтуды көрсететін медициналық ұйымдарға мыналар жатады:

- 1) республикалық, облыстық, қалалық оңалту орталықтары;
- 2) республикалық орталықтардың, көп бейінді стационарлардың (облыстық, қалалық, орталық аудандық, ауданаралық және ауылдық ауруханалар) медициналық оңалту бөлімшелері (төсектері);
- 3) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың медициналық оңалту бөлімшелері (кабинеті);
- 4) санаторийлік-курорттық ұйымдар.

7. Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық оңалту көрсету кезінде "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы), "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есепке алу-есептік құжаттама қалыптастырылады.

3-тарау. Медициналық оңалту көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары

8. Медициналық оңалту көрсететін медициналық ұйымдардың негізгі міндеттері:

- 1) ерте басталуы;
- 2) үздіксіздік;
- 3) сабақтастық;
- 4) жеке және мультипәндік тәсіл;
- 5) тиімділігі мен қауіпсіздігі барынша дәлелденген әдістерді қолдану;
- 6) медициналық оңалтудың барлық кезеңдерінде оңалту қызметтерін көрсету;
- 7) медициналық оңалтудың инновациялық, тиімді әдістерін енгізу болып табылады.

9. Медициналық оңалтуды көрсететін медициналық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары КХ-ға және медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес негізгі ауруды емдеу мен екінші және үшінші кезеңдерде медициналық оңалту шеңберінде оңалту қызметтерін көрсету болып табылады.

4-тарау. Қазақстан Республикасының ересек халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

10. Қазақстан Республикасының халқына медициналық оңалту осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен жарақтандыру мен штаттық нормативтермен жасақтау жинақталуы ескеріле отырып, Кодекстің 116-бабына сәйкес медициналық көмек көрсетудің бірінші, екінші және үшінші деңгейлерінде көрсетіледі.

11. Бірінші деңгейдегі медициналық оңалту осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көрсету деңгейлер бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкес келетін өз құрылымында ФМО кабинеті (бөлімшесі) бар ұйымдарда көрсетіледі және осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуының және шектелуінің жағдайының ауырлық дәрежесі бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 1-ден 2 балға дейін бағаланатын пациенттерге жүргізіледі.

12. Медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункт жанынан медициналық оңалтудың үшінші кезеңінің ОЖБ бойынша оңалту қызметтерін көрсету үшін ФМО кабинеті ұйымдастырылады.

13. Екінші деңгейдегі медициналық оңалту осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкес келетін өз құрылымында мамандандырылған бөлімшелері және (немесе) орталықтары бар медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады және осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуының және шектелуінің ауырлық дәрежесі бойынша неврология, нейрохирургия (ересектер) бейіні бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2-ден 5 балға дейін және барлық басқа бейіндер бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2-ден 4 балға дейін бағаланатын пациенттерге жүргізіледі;

14. Кардиология, кардиохирургия (ересектер) бейіні бойынша екінші деңгейдегі медициналық оңалту осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Үшінші деңгейдегі медициналық оңалту республикалық мамандандырылған медициналық ұйымдарда, сондай-ақ осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкес оңалту орталықтарында көрсетіледі және осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуы және шектелу жағдайының ауырлық дәрежесі бойынша неврология, нейрохирургия (ересектер) бейіні бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2-ден 5 балға дейін және барлық басқа бейіндер бойынша ОБШ-ға сәйкес 2-ден 4 балға дейін бағаланатын пациенттерге көрсетіледі;

16. Медициналық оңалту үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең - аурудың аса жедел (72 сағатқа дейін) және жіті кезеңдерінде, сондай-ақ операциялық араласулар, жарақаттар кезінде КХ-ға сәйкес негізгі ауруды

емдеу шеңберінде мамандандырылған, оның ішінде оңалту әлеуеті болған жағдайда жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін стационарлық жағдайларда (реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі немесе мамандандырылған бейінді бөлімше) медициналық оңалту жүргізу;

2) екінші кезең - аурудың немесе жарақаттың алғашқы 6 айында жіті және ерте қалпына келтіру кезеңдерінде және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының, оңалту орталықтарының, көп бейінді медициналық оңалту бөлімшелерінде немесе оңалту төсектерінде стационарлық (тәулік бойы) жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек көрсету кезінде оңалту әлеуеті болған жағдайда ауру ағымының қалдық құбылыстары кезеңіне медициналық оңалтуды жүргізу;

3) үшінші кезең - жіті жай-күйлердің, хирургиялық араласулардың, оның ішінде кардиохирургиялық операциялардың, жүректі трансплантаттау сол жақ қарыншаның қосалқы механикалық құрылғысын (LVAD) имплантаттау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық көмек көрсету кезіндегі жарақаттар, амбулаториялық-емханалық ұйымдарда, күндізді стационарларда, тәулік бойғы стационарларда, оңалту орталықтарында, санаторийлерде медициналық көмек салдарларына, сондай-ақ төтенше жағдайларда және (немесе) пандемия кезінде, оңалту әлеуеті болған кезде қашықтықтан медициналық қызмет көрсету арқылы медициналық оңалту жүргізу.

17. Стационарлық жағдайларда негізгі ауруды емдеу кезінде бірінші кезеңдегі медициналық оңалту ФМО дәрігерінің немесе реабилитолог дәрігердің консультациясын, ЖХС өлшемшарттарының негізінде оңалту диагнозын белгілеуді, көрсетілімдер бойынша оңалту қызметтерін жүргізуді, ОБШ, ОӘ анықтауды, пациентті одан әрі қадағалап-қарау тәсілі туралы ұсынымдарды қамтиды. ОБШ жарамдылық мерзімі – 30 күн.

ФМО қызметтері – егер медициналық оңалту медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде талап етілмейтін жеке жағдайларда ФМО мамандары жеке қолданатын диагностика мен емдеудің КХ шеңберінде негізгі ауруларды емдеу кезіндегі ФМО бойынша медициналық көрсетілетін қызметтер. Амбулаториялық жағдайда негізгі ауруды емдеу кезінде медициналық оңалтуды көрсету КХ-ға сәйкес консультация беруді және оңалту қызметтерін қамтиды.

Стационарлық жағдайларда бейінді бөлімшелерде немесе медициналық оңалту жөніндегі төсектерде көп бейінді стационарларда оңалту қызметтерін ФМО параклиникалық бөлімшесі көрсетеді және ФМО дәрігерінің немесе реабилитолог дәрігердің консультациясын және ФМО қызметтерін жүргізуді қамтиды.

Екінші және үшінші кезеңдегі медициналық оңалту ЖХС өлшемшарттары негізінде оңалту диагнозын белгілеу, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды қалыптастыру, алғашқы қарап-тексеруді, оңалту қызметтерін жүргізудің тәуекел

факторларын бағалауды, динамикада қарап-тексеруді және медициналық оңалтудың тиімділігін анықтау үшін оңалту қызметтерін көрсету аяқталғаннан кейін қарап-тексеруді, медициналық оңалту нәтижелерін, осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес оңалту картасын ресімдей отырып, пациентті одан әрі қадағалап-қарау тактикасы бойынша ұсынымдарды бағалауды қамтиды. ШРМ жарамдылық мерзімі – 30 күн.

18. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық оңалту 2 және (немесе) 3 кезеңдерідей тәулік бойғы стационар болған жағдайда осы Стандарттың 6-тармағы 1) және 2) тармақшаларына сәйкес медициналық ұйымдарда жүргізіледі. Стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық оңалтудың үшінші кезеңі ЖХС өлшемшарттары негізінде оңалту диагнозын қоюмен біріншілік қарап тексеруді, оңалтудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарын қалыптастыруды, оңалту қызметтерін жүргізуді, динамикада қарап-тексеруді және оңалту қызметін көрсету аяқталғаннан кейін 3 күнделікті жазбаларды және қажеттілік бойынша одан да көп ресімдеуді, медициналық оңалту тиімділігін анықтауды, медициналық оңалту нәтижелерін бағалауды, ОБШ, ОӘ анықтауды, осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес оңалту картасын ресімдеумен пациентке одан әрі қадағалап қарау тактикасы бойынша ұсынымдарды қамтиды. ШРМ жарамдылық мерзімі – 30 күн.

19. Амбулаториялық жағдайда үшінші кезеңдегі медициналық оңалту ЖХС өлшемшарттарының негізінде оңалту диагнозын белгілеу үшін қарап-тексеруді, ОБШ, ОӘ айқындауды, оңалту қызметтерін жүргізуді, оңалту қызметтерін көрсету динамикасында және аяқталғаннан кейін қарап-тексеруді, медициналық оңалтудың тиімділігін айқындауды және осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес оңалту картасын ресімдеуді қамтиды. Бір жағдайды медициналық оңалту кезінде оңалту қызметтерінің 6-удан аспайтын атауы қолданылады.

19. Медициналық оңалтуға пациентті емдеуге жатқызу "Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасы бойынша медициналық көрсетілімдер бар болған кезде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде жолдама беретін медициналық ұйым осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер (зертханалық, аспаптық және функционалдық, бейінді мамандардың консультациялары) жүргізеді.

20. Екінші және үшінші кезеңдерде медициналық оңалту көрсету кезінде:

1) халықаралық өлшемшарттарға сәйкес медициналық оңалтуға келіп түскен кезде және медициналық оңалту аяқталғаннан кейін пациент жағдайының ауырлық дәрежесін және БӘФ бұзылуын бағалау;

2) ЖХС өлшемшарттары негізінде тіршілік әрекетінің жұмыс істеу және шектелу жағдайының сипаттамасын, медициналық оңалту процесінде оның өзгеруін қамтитын оңалту диагнозын белгілеу;

3) белгілі бір уақыт аралығында пациенттің мүмкіндігінше барынша қалпына келу деңгейін анықтайтын оңалту әлеуетін бағалау;

4) оңалту қызметтерін жүргізудің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру;

5) оңалту іс-шараларын жүргізудің тәуекел факторларын және оңалту қызметтерін жүргізуді шектейтін факторларды бағалау;

6) ОЖБ медициналық бөлігін қалыптастыру және іске асыру;

7) оңалту қызметтерінің тиімділігін бағалау;

8) оңалту диагнозын, оңалту әлеуетін, пациенттің жай-күйіндегі қол жеткізілген динамиканы сипаттай отырып, ОЖБ іске асыру қорытындыларын, пациентке одан әрі қарау тактикасы бойынша ұсынымдарды қамтитын қорытындыны (эпикризді) жасау жүзеге асырылады.

21. Медициналық оңалтуға көрсетілімдер осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ересектер үшін тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуы және шектелу дәрежесі болып табылады.

Кез-келген кезеңде медициналық оңалту іс-шаралары жүргізілген пациент тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуы және шектелуі (ОБШ-0) болмаған жағдайда медициналық оңалтуды жалғастыруды мұқтаж етпейді.

Тіршілік әрекетінің жеңіл жұмыс істеу бұзылуы және шектелуі (ОБШ-1) бар пациент осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көлемінде 6 айдың ішінде негізгі ауруды емдегеннен кейін медициналық оңалтудың 1 курсы жүргізе отырып, амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық оңалтудың үшінші кезеңіне жіберіледі.

Тіршілік әрекетінің орташа жұмыс істеу бұзылуы және шектелуі бар (ОБШ-2) пациент тәулік бойы стационарды медициналық оңалтудың екінші кезеңіне бір рет, тәулік бойы стационарды медициналық оңалтудың үшінші кезеңіне бір рет немесе осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмектің көлемінде 6 айдың ішінде негізгі ауруды емдегеннен кейін медициналық оңалтудың 2 курсынан аспайтын медициналық оңалтуды жүргізе отырып, амбулаториялық-емханалық оңалтудың үшінші кезеңіне жіберіледі.

Тіршілік әрекетінің айқын құбылысын (ОБШ-3) және кенеттен болған айқын құбылысының (ОБШ-4) жұмыс істеуінің бұзылуы және шектелуі бар пациент МПТ шешімі бойынша қысқа мерзімді емдеумен бірінші 6 ай ішінде медициналық оңалтудың екінші кезеңіне немесе тәулік бойы стационардың немесе осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмектің көлемінде жылына 4 рет еселікпен негізгі ауруды емдегеннен кейін бірінші 3 жыл ішінде амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық оңалтудың үшінші кезеңіне жіберіледі.

Тіршілік әрекетінің өрескел (ОШБ-5) жұмыс істеуінің бұзылуы және шектелуі бар пациент МПТ-ның шешімі бойынша емдеудің еселігімен алғашқы 12 айдың ішінде медициналық оңалтудың екінші кезеңіне жіберіледі. Оңалтудың екі курсы ішінде жай-күйінде оң динамика болмаған және оңалту әлеуеті болмаған кезде МПТ-ның қорытындысы бойынша пациент медициналық оңалтуға мұқтаж пациенттер тобынан шығарылады.

Оңалту әлеуеті жоқ пациент (ОБШ - 6) медициналық оңалтуға мұқтаж пациенттер тобынан шығарылады.

Оңалту әлеуеті жоқ пациенттер үш айда бір рет қайта бағалануға жатады, тіршілік әрекетінің жұмыс істеу мен шектеу көрсеткіші және (немесе) оңалту әлеуетінің пайда болуы жақсарған кезде ОБШ-ның бағасына сәйкес оңалтуға жіберіледі.

22. Ересектердегі 1 курстың медициналық оңалту нәтижесі медициналық оңалтуға дейінгі бастапқы жағдайдағы оңалту диагнозының қорытынды сомасы мен оңалту балдарындағы медициналық оңалтудан кейінгі нақты жағдайдағы оңалту диагнозының қорытынды сомасы арасындағы айырмашылық бойынша бағаланады.

Медициналық оңалту тиімділігі оңалтудың үшінші кезеңінде мынадай өлшемшарттар бойынша бағаланады:

- 1) айқын көрінетін оң динамика;
- 2) орташа оң динамика;
- 3) динамиканың болмауы;
- 4) теріс динамика.

23. Медициналық оңалту жөніндегі мобильді бригадалар оңалту әлеуеті бар, бірақ өз бетінше қозғала алмайтын, оның ішінде әлеуметтік көрсеткіштер бойынша және медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды ұзақ уақыт жүргізуді қажет ететін және объективті себеппен оңалту әлеуеті бар ОБШ-4 және ОБШ-5 пациенттерге үйде медициналық оңалтудың үшінші кезеңінің ОЖБ шеңберінде оңалту қызметтерін жүргізуге арналған медициналық оңалту ұйымдарында оңалту курсынан өткізуге арналған.

Мобильді бригада меншік нысанына қарамастан медициналық оңалту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдардың базасында қалыптастырылады және медициналық ұйым басшысының ішкі бұйрығымен бекітіледі.

Мобильді бригаданың құрамына ФМО мамандары (ФМО дәрігері, кинезиотерапевт және кәсіптік терапевт) кіреді.

ФМО мамандары болмаған жағдайда мобильді бригаданың ең аз құрамына кинезотерапия немесе эрготерапия маманы кіреді.

Мобильді бригаданың бірінші баруын ФМО дәрігері немесе бейінді маман жүзеге асырады, оңалту қызметтерін көрсету бойынша кейінгі баруды ОЖБ-ға байланысты мобильді бригаданың жекелеген мүшелері жүзеге асырады.

Мобильді бригада үш кезеңдегі оңалту қызметтерін көрсетуді осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көлемінде диагноз қойылғаннан кейінгі алғашқы 3 жылдың ішінде емделген жағдай үшін жылына 4 рет еселікпен амбулаториялық жағдайда жүзеге асырады.

5-тарау. Қазақстан Республикасының балалар халқына медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру тәртібі

24. Балалар халқына медициналық абилитациялау және оңалту Кодекстің 116-бабына, клиникалық хаттамаларға және балалар халқын медициналық абилитациялау мен оңалтуға қатысты басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес медициналық көмек көрсетудің бірінші, екінші және үшінші деңгейлерінде штаттық нормативтерді ескере отырып және осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық абилитация мен оңалтуды көрсететін медициналық ұйымдарды медициналық бұйымдармен жарақтандыру кезеңдеріне сәйкес көрсетіледі.

25. Балалар халқына медициналық абилитация мен оңалтуды МПТ көрсетеді. ОБШ және ОӘ анықтау үшін МПТ құрамына міндетті түрде бейінді маман, реабилитолог дәрігер немесе ФМО дәрігері және көрсетілімдер бойынша маман (дар) кіреді.

26. Көрсетілімдер бойынша МПТ-ның құрамына мынадай мамандар тартылады:

1) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар: кинезиотерапевт, оториноларинголог (сурдолог), эрготерапевт, психотерапевт, протезист-ортезист маман ;

2) орта медициналық білімі бар: ЕДШ нұсқаушысы, эрготерапевт, мамандандырылған мейіргер;

3) жоғары педагогикалық білімі бар: дене шынықтыру және спорт жөніндегі маман, бейімделген дене шынықтыру және спорт жөніндегі маман, логопед, психолог, эрготерапевт, дефектолог-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім (педагог), әлеуметтік қызметкер, тәрбиеші, протезист-ортезист маманы; жоғары немесе орта медициналық немесе медициналық емес біліммен арнайы техникалық білімі бар техник-ортезист.

4) орта педагогикалық білімі бар: ЕДШ нұсқаушысы, эрготерапевт, логопед, психолог, дефектолог-мұғалім, сурдолог-мұғалім, тифлопедагог, тәрбиеші, мұғалім (педагог), әлеуметтік қызметкер/педагог;

5) жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі/орта медициналық емес білімі бар: медициналық психолог, протезист-ортезист маман.

27. Халықаралық өлшемшарттарға сәйкес жай-күйдің ауырлығына және биопсихологиялық-әлеуметтік функциялардың бұзылуына (бұдан әрі-БПӘФ) байланысты МПТ-ның шешімі бойынша мыналар айқындалады:

- медициналық абилитация және оңалту деңгейі мен кезеңі;
- медициналық абилитация және оңалту кезеңділігі.

28. Екінші және үшінші кезеңдегі медициналық абилитация мен оңалтудың кезеңділігі жылына 4 реттен аспайды, ал 3 жасқа дейінгі ерте араласу орталықтарында (бұдан әрі – ЕАО) – жылына 6 реттен аспайды.

29. Балаларды медициналық оңалтудың тиімділігі ЖХС өлшемшарттарының негізінде пациенттің жай-күйін бағалау бойынша анықталады, оның қалыптасуы биопсихологиялық-элеуметтік функциялардың бастапқы (R1) және қорытынды диагностикасы (R2) деректерін салыстыру нәтижелері бойынша динамикалық көрсеткіштердің арақатынасы арқылы жүзеге асырылады: b – функцияны бағалау және d – белсенділікті бағалау және $R = (b+d)/2$ формуласы бойынша қатысу.

Оңалту тиімділігін бағалау R1:R2 формуласы бойынша жүргізіледі, мұндағы $R1 = (b1+d1)/2$ - ЖХС өлшемшарттарында оңалту басталғанға дейінгі пациенттің жай-күйі, a $R2 = (b2+d2) / 2$ – ЖХС өлшемшарттарында оңалту аяқталғаннан кейінгі пациенттің жай-күйі.

$R1:R2 < 1$ мәнінде – тиімділігі қанағаттанарлықсыз, $1 < 1,5$ – қанағаттанарлық, $1,5–2,0$ – жақсы, $> 2,0$ – елеулі.

30. Екінші және үшінші кезеңдердегі медициналық абилитация және оңалту курсының ұзақтығы 10-қайта қарау ауруларының халықаралық жіктемесіне (АХЖ-10) сәйкес клиникалық және оңалту диагнозына, медициналық оңалтудың клиникалық хаттамасына сәйкес ЖХС бойынша БПӘФ бұзылу дәрежесіне байланысты. Оңалту курсының ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күн және одан жоғары (көрсетілімдер бойынша).

31. Қауіп тобындағы баланың бағдары:

1) перинаталдық орталық, катамнез кабинеті, балалар стационары (тәуекел тобын анықтау);

2) МСАК медициналық ұйымы (ЖХС негізінде ОБШ белгілеумен диагноз және бағалау және медициналық абилитация мен оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жолдама);

3) Ерте араласу орталығы тәуекел тобындағы 3 жасқа дейінгі балаға көмек көрсетеді. Ерте араласу – бұл баланың дамуына, сондай-ақ баланың жай-күйі мен даму деңгейі айқындалғаннан кейін тікелей және дереу жүзеге асырылатын ата-аналарды сүйемелдеуге бағытталған іс-шаралардың барлық түрлері. Ерте араласу балаға да, ата-анаға да, отбасына және оның элеуметтік ортасына да бағытталған.

Бала тұратын елді мекенде ЕАО болмаған жағдайда Оңалту орталығында (бұдан әрі – ОО) немесе тұрғылықты жері бойынша бөлімшеде оңалту қызметтерін алу көзделеді немесе таңдау бойынша өңірлік ЕАО-ға жіберіледі.

Диагноз қойылған және ОБШ бар медициналық абилитация мен оңалтуды алу үшін баланың бағдары:

1) Перинаталдық орталық, балалар стационары, МСАК (диагноз қою және ОБШ анықтау);

2) МСАК медициналық ұйымы (медициналық абилитация мен оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жолдама);

3) ЕАО, ОО, медициналық абилитация мен оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіндегі бөлімшелер мен кабинеттер.

32. Оңалту әлеуеті төрт санатқа бөлінеді:

- денсаулықты толық қалпына келтіру әлеуетінің санаты;
- пациенттің жұмысын ішінара қалпына келтіру әлеуетінің санаты;
- пациенттің бейімделу және өтемақы әлеуетінің санаты;
- қоршаған ортаны бейімдеу әлеуетінің санаты (пациентті оқыту және күту, пациент пен күтімге психологиялық және әдістемелік қолдау).

Оңалту әлеуетін бағалау абилитация немесе МПТ оңалту курсы түскен кезде немесе аяқталғаннан кейін, сондай-ақ оңалту әлеуеті өзгерген жағдайда абилитация немесе оңалту курсы түскен кезде және аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

33. Медициналық абилитация мен оңалтуға көрсетілімдер осы Стандарттың 6-қосымшасына сәйкес тіршілік әрекетінің бұзылуы мен шектеулерінің дәрежесі болып табылады.

Денсаулықты толық қалпына келтіру әлеуеті санатына қол жеткізілген кезде және тіршілік әрекетінің жұмыс істеуі бұзылуын және шектеуін ОБШ-0 қорытынды бағалау кезінде кез келген кезеңде медициналық абилитация және оңалту бойынша іс-шаралар жүргізілген пациентке медициналық оңалтуды жалғастыру қажет емес.

Тіршілік әрекетінің жеңіл жұмыс істеу бұзылуы және шектеуі (ОБШ-1) бар пациент амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық оңалтудың үшінші кезеңіне жіберіледі.

Тіршілік әрекетінің орташа (ОБШ-2), айқын (ОБШ-3) немесе өрескел көрінетін (ОБШ-4) жұмыс істеу бұзылуы және шектеуі бар пациент медициналық абилитация мен оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жіберіледі.

Тіршілік әрекетінің аса ауыр дәрежедегі (ОБШ - 5) жұмыс істеу бұзылуы және шектеуі және қоршаған ортаны бейімдеудің оңалту әлеуетінің санаты бар (медициналық-әлеуметтік көмек, күтім, күтім жасау бойынша адамдарды оқыту), медициналық абилитация және оңалту жөніндегі іс-шаралар жүргізілгеннен кейін жағдайы өзгермеген пациенттер ай сайын алғашқы үш айда, келесі айларда қайта бағалануға жатады - үш айда бір рет және тіршілік әрекетінің жұмыс істеу бұзылуы және шектеуінің көрсеткіші және (немесе) оңалту әлеуетінің пайда болуы жақсарған кезде тәулік бойы стационарда оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жіберіледі.

Екінші немесе үшінші кезеңде медициналық абилитация және оңалту жөніндегі іс-шаралар жүргізілгеннен кейін жағдайы өзгермеген тіршілік әрекетінің аса ауыр дәрежедегі (ОБШ-5) жұмыс істеу бұзылуы және шектеуі бар пациенттер оларда оңалту әлеуеті пайда болғанға дейін медициналық паллиативтік көмек ұйымдарына жіберіледі.

34. Балалар халқына бірінші деңгейде медициналық абилитациялау және оңалту осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес жүргізілетін медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкес өз құрылымында ФМО кабинеті (бөлімшесі) бар ұйымдарда, осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекеті жұмыс істеуінің бұзылуы мен шектеуінің ауырлық дәрежесі бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 1-4 балмен бағаланатын пациенттерге көрсетіледі.

35. Балалар халқына екінші деңгейде медициналық абилитациялау және оңалту өз құрылымында осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға арналған талаптарға сәйкес мамандандырылған бөлімшелері және (немесе) орталықтары, ерте араласу орталықтары бар медициналық ұйымдарда жүзеге асырылады және осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекетінің жұмыс істеуінің бұзылуы және шектеуінің ауырлық дәрежесі бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2-ден 4 балға дейін бағаланатын пациенттерге көрсетіледі. ОБШ-сы 1 балдан басталатын 3 жасқа дейінгі балалар тұрғылықты елді мекенде медициналық абилитация қызметтерін көрсететін медициналық мекеме болмаған кезде де екінші деңгейдегі қызметтерді ала алады.

36. Балаларға медициналық абилитация және оңалту үшінші деңгейде республикалық мамандандырылған медициналық ұйымдарда, сонымен қатар осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша медициналық оңалтуды жүргізу талаптарына сәйкес келетін оңалту орталықтарында және осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес екінші кезеңнің төсек қоры кемінде 30 % болған жағдайда, тіршілік әрекетінің жұмыс істеу бұзылуы және шектеуінің ауырлық дәрежесі бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2-ден 4 балға дейін бағаланатын пациенттерге жүргізіледі.

Неврология, нейрохирургия бейіні бойынша үшінші деңгейдегі медициналық абилитация және оңалту осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес тіршілік әрекетінің жұмыс істеу бұзылуы және шектеуінің ауырлық дәрежесі бойынша ОБШ-ға сәйкес жай-күйі 2 балдан (7 жасқа дейінгі балалар) немесе 3 балдан (7 жас және одан жоғары) 4 балға дейін бағаланатын балаларға көрсетіледі.

37. Медициналық абилитация және оңалту үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең - аурудың аса жедел (72 сағатқа дейін) және жіті кезеңдерінде, сондай-ақ операциялық араласулар, жарақаттар кезінде КХ-ға сәйкес негізгі ауруды емдеу шеңберінде мамандандырылған, оның ішінде оңалту әлеуеті болған жағдайда жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін стационарлық жағдайларда стационарлардың құрылымдық бөлімшелерінде (реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі немесе мамандандырылған бейінді бөлімше) медициналық оңалту жүргізу;

2) екінші кезең - аурудың немесе жарақаттың алғашқы 6 айында жіті және ерте қалпына келтіру кезеңдерінде және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының,

оңалту орталықтарының, көп бейінді медициналық оңалту бөлімшелерінде немесе оңалту төсектерінде стационарлық (тәулік бойы) жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек көрсету кезінде ауру ағымының қалдық құбылыстары болған кезеңіне медициналық оңалтуды жүргізу;

3) үшінші кезең - амбулаториялық-емханалық ұйымдарда, тәулік бойы стационарларда, оңалту орталықтарында, санаторийлерде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету кезінде, мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек көрсету кезінде жіті жай-күйлердің, хирургиялық араласулар мен жарақаттардың салдарын медициналық абилитациялау және оңалту жүргізу.

38. Стационарлық жағдайда екінші және үшінші кезеңдегі медициналық абилитация және оңалту ЖХС өлшемшарттарының негізінде оңалту диагнозын белгілей отырып, бастапқы қарап-тексеруді, оңалтудың қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарын қалыптастыруды, медициналық оңалтуды жүргізудің тәуекел факторларын бағалауды, оңалту қызметтерін жүргізуді, оңалту қызметтерін көрсетудің динамикасында және аяқталуы бойынша қарап-тексеруді, қажеттілігі бойынша 3 және одан да көп күнделік жазбаны, медициналық оңалтудың тиімділігін анықтау, медициналық оңалту нәтижелерін бағалау, ОБШ, ОӘ анықтау, осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес оңалту картасын ресімдей отырып, пациентті қадағалап-қараудың одан арғы тәсілі бойынша ұсынымдарды қамтиды. ОБШ-ның жарамдылық мерзімі – 30 күн.

39. Амбулаториялық жағдайда үшінші кезеңдегі медициналық абилитация мен оңалтудың үшінші кезеңі ЖХС өлшемшарттарының негізінде оңалту диагнозын белгілеу үшін қарап-тексеруді, ОБШ, ОӘ айқындауды, оңалту қызметтерін жүргізуді, оңалту қызметтерін көрсету динамикасында және аяқталғаннан кейін қарап-тексеруді, медициналық абилитация мен оңалтудың тиімділігін айқындауды қамтиды. Үшінші кезең шеңберінде бір жағдайды медициналық абилитациялау және оңалту кезінде 10-нан аспайтын оңалту қызметі қолданылады.

Үйде медициналық оңалтудың үшінші кезеңінің Жеке оңалту бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) шеңберінде оңалту әлеуеті бар, бірақ өз бетінше қозғала алмайтын, оның ішінде әлеуметтік көрсетілімдер бойынша және медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды ұзақ жүргізуді қажет ететін және объективті себеппен оңалту курсынан өте алмайтын ОБШ-4 және ОБШ-5 пациенттеріне медициналық оңалту ұйымдарында мобильді бригадалардың қызметтері ұсынылады.

Мобильді бригада меншік нысанына қарамастан медициналық оңалту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйымдардың базасында қалыптастырылады және медициналық ұйым басшысының ішкі бұйрығымен бекітіледі.

Мобильді бригаданың құрамына: бейінді маман, реабилитолог дәрігер немесе ФМО дәрігері, кинезиотерапевт және эрготерапевт кіреді.

Мобильді бригаданың алғашқы шығуын реабилитолог дәрігер немесе ФМО дәрігері немесе бейінді маман жүзеге асырады. Оңалту қызметтерін көрсету бойынша кейінгі сапарларды ОЖБ-ға байланысты мобильді бригаданың жекелеген мүшелері жүргізеді.

Мобильді бригада үш кезеңдегі оңалту қызметтерін көрсетуді осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық көмек көлемінде диагноз қойылғаннан кейінгі алғашқы 3 жылдың ішінде емделген жағдай үшін жылына 4 рет еселікпен амбулаториялық жағдайда жүзеге асырады.

40. Медициналық абилитация мен оңалтуды жүргізу кезінде оңалту қызметтері осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес медициналық оңалту түріндегі қызметтер тізбесіне сәйкес көрсетіледі.

41. Балалар халқын медициналық абилитацияға және оңалтуға емдеуге жатқызу " Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21381 болып тіркелген) сәйкес МСАК немесе денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасы бойынша медициналық көрсетілімдер болған кезде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде жолдама берген медициналық ұйым осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер (зертханалық, аспаптық және функционалдық, бейінді мамандардың консультациялары) жүргізеді.

42. Екінші және үшінші кезеңдердегі медициналық абилитация және оңалту кезінде :

1) халықаралық өлшемшарттарға сәйкес медициналық абилитация және оңалтуға келіп түскен кезде және аяқталғаннан кейін пациенттің жай-күйінің ауырлық дәрежесін және БПӘФ бұзушылықтарын бағалау;

2) ЖХС өлшемшарттарының негізінде тіршілік әрекетінің жұмыс істеу және шектеу жай-күйінің сипаттамасын, оның медициналық оңалту процесіндегі өзгерістерін қамтитын оңалту диагнозын белгілеу;

3) пациенттің белгілі бір уақыт аралығында барынша ықтимал қалпына келу деңгейін айқындайтын оңалту әлеуетін бағалау;

4) оңалту қызметтерін жүргізу мақсатын (мақсаттарын) қалыптастыру;

5) оңалту іс-шараларын жүргізудің тәуекел факторларын және оңалту қызметтерін жүргізуді шектейтін факторларды бағалау;

6) ОЖБ медициналық бөлігін қалыптастыру және іске асыру;

7) оңалту қызметтерінің тиімділігін бағалау;

8) оңалту диагнозы, оңалту әлеуеті, пациенттің жай-күйіндегі қол жеткізілген динамиканы сипаттай отырып, ОЖБ іске асыру қорытындылары, баланы одан әрі қадағалап-қарау тәсілі бойынша ұсынымдар бар қорытынды (эпикриз) жасау.

Медициналық көмек көрсету деңгейлері бойынша медициналық оңалтуды жүзеге асыруға қойылатын талаптар

Ересектер "травматологиясы" және "ортопедиясы" бейіні

Деңгей	Медициналық көмектің көлемі	Медициналық оңалту қызметтерінің тізбесі	Жарақтандыру	Штаптар
		<p>A02.050.000 Консультация: Реабилитолог A02.085.000 Қашықтықтан консультация: Реабилитолог A02.089.000 Қашықтықтан жеке кинезотерапия A02.090.000 Эрготерапия бойынша қашықтықтан сабақ A02.093.000 Қашықтықтан консилиум D02.002.001 Электрофорез D02.007.001 Диадинамикалық токтар D02.008.001 Амплипульстерапия D02.010.001 Тері арқылы электронейростимуляция (TENS-терапия) D02.013.001 Бұлшық ет электростимуляциясы D02.014.001 Дарсонвализация D02.018.001 Ультра жоғары жиіліктегі терапия</p>	<p>Реабилитологтың кабинеті: -Артериялық қысымды өлшеуге арналған аппарат (дәрігерлердің саны бойынша) -Портативті спирометр -Пульсоксиметр -Кресло-сүйрегіш (ересектер/балалар үшін) -Таразы -Бой өлшегіш Физиотерапия кабинеті: -Токтардың стандартты</p>	<p>1. Бөлімше меңгерушісі, ФМО дәрігері / реабилитолог-1 лауазым 2. ФМО дәрігері / реабилитолог-ауысымдағы 15 пациентке 1 лауазым 3. Кинезиотерапевт * немесе жаттығу терапиясының нұсқаушысы** (жеке рәсімдердің ұзақтығын ескере отырып - 30 минут, топтық сабақтар - 45 минут, механотерапия — 30 минут) - 15 пациентке 1 лауазым. 4. Мейіргер (мамандандырылған)</p>

<p>Біріншілік деңгей Амбулаториялық жағдайда 3 кезеңдегі медициналық оңалту: МСАК, амбулаториялық-емханалық ұйым, АОА, оңалту орталығы</p>	<p>Қызметтер кешені: 1.Реабилитолог дәрігердің консультациясы–3 2.Кинезотерапия (тізбеден 1 қызмет) – 10 және/немесе 3.Механотерапия (тізбеден 1 қызмет)- 10 4.Физиоёмшара (тізбеден 2 қызмет)– 10-ға дейін және/немесе 4. Массаж (тізбеден 1 қызмет) – 10-ға дейін</p>	<p>D02.020.001 Сантиметрлік терапия D02.023.001 Магниттік терапия D02.025.001 Магниттік-лазерлік терапия D02.030.001 Биоптрон D02.001.002 Жергілікті ультракүлгін сәулелену D02.010.002 Лазерлік сканерлеу сәулесінің терапиясы D02.001.002 Жергілікті ультракүлгін сәулелену D02.001.005 Парафиндік терапия D02.002.005 Озокериттік емдеу D02.017.006 Ультрадыбыстық терапия (фонофорез) D02.002.007 Сегментарлық массаж D02.014.007 Қол массажы D02.020.007 Бүкіл омыртқа массажы D02.026.007 Аяқ массажы D02.001.008 Тыныс алу гимнастикасы D02.004.008 Енжар механотерапия D02.001.012 Белсенді механотерапия D02.002.008 Топтық кинезотерапия D02.021.008 Қолдың белсенді ж е к е кинезотерапиясы</p>	<p>түрлерімен электротерапияға арналған аппарат - Ультрадыбыстық терапияға арналған аппарат - Төмен жиілікті магниттік терапияға арналған аппарат - Аппарат для УФО-терапии - Лазерлік терапиялық аппарат (талап бойынша) - Фототерапия аппараты / биоптрон (талап бойынша) - Ультра жоғары жиілікті / ультра жоғары жиілікті терапия аппараты (талап бойынша) - Дарсонвализацияға арналған аппарат (талап бойынша) - Парафин терапиясына арналған жабдық (талап бойынша) Кинезиотерапия кабинеті : Қолдар мен аяқтардың белсенді, пассивті және белсенді-пассивті механотерапиясына арналған аппарат -1 Электр жетегі бар ш а ғ ы н стационарлық велосипед-1 Тренажер жинағы бар тірек -1 Қолдар мен аяқтардың буындарына арналған белсенді оң ал ту тренажерлері-1 Тепе-теңдік тақтасы -1</p>	<p>(1 физиоём-шараның ұзақтығын ескере отырып – 15 минут) — жүктеме көрсеткіштеріне байланысты 1 лауазым 5. Массажист (1 ем-шараның ұзақтығын ескере отырып – 15 минут) — жүктеме көрсеткіштеріне байланысты 1 лауазым 6. Санитар — кемінде 1 лауазым (нормативтерге сәйкес)</p>
--	---	--	--	--

		<p>D02.022.008 Аяқтың белсенді жеке кинезотерапиясы</p> <p>D02.023.008 Дене мен жамбас бұлшықеттеріне белсенді жеке кинезотерапия</p> <p>D02.024.008 Отыру/тұру теңгеріміне жеке кинезотерапия</p> <p>D02.025.008 Оқу/жаяу жүруді түзетуге жеке кинезотерапия</p> <p>D02.026.008 Қолдың пассивті кинезотерапиясы</p> <p>D02.027.008 Аяқтың пассивті кинезотерапиясы</p> <p>D02.028.008 Дене мен жамбас бұлшықеттеріне пассивті кинезотерапия</p> <p>D02.001.009 Аппараттық лимфодренаж</p>	<p>Тепе-теңдік жастығы - 1</p> <p>Массажист кабинеті</p> <p>:</p> <p>- Биіктігі реттелетін массаждық терапия үстелі</p> <p>- Үлкен және кіші валиктер</p> <p>- Емшара үстелі</p>	<p>7.Шаруашылық бикесі-1 лауазым</p>
	<p>Қызметтер кешені:</p> <p>1.Реабилитолог дәрігердің консультациясы– көрсетілімдер бойынша кемінде 3 және одан әрі</p> <p>2. Бейінді мамандардың консультациялары –</p>	<p>Бастапқы деңгейге қосымша</p> <p>A02.005.000 Консультация: Психолог</p> <p>A02.018.000 Консультация: Невролог</p> <p>A02.032.000 Консультация: Травматолог-ортопед</p> <p>A02.001.000 Консультация: Терапевт</p> <p>A02.021.000 Консультация: Эндокринолог</p> <p>A02.015.000 Консультация: Кардиолог</p> <p>A02.026.000 Консультация: Уролог</p>	<p>Бастапқы деңгейге қосымша</p> <p>Физиотерапия кабинеті:</p> <p>- Аэрозолдік компрессорлық ингалятор (небулайзер)</p> <p>- Қолдар мен аяқтарды прессотерапиялауға арналған аппарат</p> <p>- Қолдың су асты душ массажаына арналған ванна</p> <p>- Аяқтардың су асты душ массажаына арналған ванна</p> <p>- Декомпрессиялық-тартқыш терапия аппараты</p>	<p>1. Меңгеруші (ФМО дәрігері/ реабилитолог) - 1 лауазым</p> <p>2. ФМО дәрігері / реабилитолог-10 КС пациентіне 1 лауазым (күндізгі уақытта жұмысты ұйымдастыру мақсатында), 30 төсекке 5,25 лауазым (30 төсектік 1 тәуліктік посттың жұмысын ұйымдастыру мақсатында)</p> <p>3. Бейінді маман-0,5 лауазым</p> <p>4. Кинезиотерапевт * немесе жаттығу</p>

Екінші деңгей КС 2-кезеңін медициналық оңалту: КБА, АОА, оңалту орталығы

көрсетілімдер бойынша	D02.029.008	омыртқаны тарту жүйесі) (талап бойынша)	терапиясының нұсқаушысы**
3.Кинезотерапия (Тізбеден 2-4 қызмет) – 10 жұмыс күні ішінде10	Проприоцептивті (нерв-бұлшықет фасилитациясы әдісі бойынша кинезотерапия	- Соққы-толқынды терапияға арналған аппарат (талап бойынша)	(жеке рәсімдердің ұзақтығын ескере отырып - 30 минут, топтық сабақтар 45 минут ,
4.Механотерапия (тізбеден 2 қызмет)-10 жұмыс күні ішінде10	D02.007.008 Гидротоптық кинезотерапия	- Криотерапияға арналған аппарат (талап бойынша)	механотерапия - 30 минут) - 15 пациентке 1 лауазым
5. Эрготерапия – 10 жұмыс күні ішінде10	D02.010.004 Су астындағы душ-массаж	Кинезиотерапия кабинеті:	3. Мейіргер (мамандандырылған (1
6. Физиоём-шара (тізбеден 2 қызмет) – 10 жұмыс күні ішінде10	D02.033.008 Гидрожеке кинезотерапия	- Күндізгі төсек-1 нұсқаушыға 1	физиоём-шараның ұзақтығын ескере отырып – 15 минут) — жүктеме көрсеткіштеріне байланысты 1 лауазым
7.Массаж (тізбеден 1 қызмет) – 10 жұмыс күні ішінде10	D02.017.008 Эрготерапия сабағы	- Вертикализатор үстелі	4. Массажист (1 емшараның ұзақтығын ескере отырып – 15 минут) — жүктеме көрсеткіштеріне байланысты 1 лауазым
8. Көрсетілімдер бойынша психологтың консультациясы– 1	D02.001.009 Аппараттық лимфодренаж	Жамбас және тізе буындарының ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат -1	7 . Эрготерапевт-бөлімшеге 1 лауазым
9. Көрсетілімдер бойынша психологтың қызметтері- 3 10 жұмыс күні ішінде 1 0 .	D02.002.009 Ультрадыбыстық ж ә н е амплипульстерапия мен аппараттық лимфа дренажы	Иық буынының ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат-1	8. Палаталық мейіргер (қажеттілік бойынша пост/таңу, ФМО бойынша мейіргер) - 30 төсекке 5,25 лауазым (10 төсекке 1 тәулік бойы жұмыс істеуді ұйымдастыру мақсатында)
Таңғыштар-көрсетілімдер бойынша	D02.005.008 Жатқызып емдеу	Шынтақ буынының ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат-1	9.Аға мейіргер-1 лауазым
11. Негізгі аурудың көрсетілімдері бойынша бұлшықетішілік инъекциялар	D02.007.007 Омыртқа тракциясы (бір бөлім)	Тобық буынының ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат-1	10.Шаруашылық бикесі-1 лауазым
12. Негізгі аурудың көрсетілімдері бойынша венаішілік инъекция	D02.014.012 Көтеру құрылғысындағы вертикализациялау	Сәуле білезік буынының ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат-1 (талап бойынша)	11.Санитар-буфетші – ауысымға бөлімшеге 1 лауазым
13.Көрсетілімдері бойынша дәрілік терапия	D02.003.009 Интервалдық вакуумдық терапия	Фалангааралық буындардың ТОҚ үшін механотерапиялық аппарат-1 (талап бойынша)	12.Санитар – 4,75 лауазым 1 тәулік бойы жұмыс істеуді
	D02.002.011 Тейпирлік	Эрготерапия бойынша кабинет:	
	D02.008.005 Криотерапия	- Саусак пен қолға арналған тренажер	
	D02.020.008 Соққы-толқынды терапия	- Қолдарды белсенді жаттықтыруға арналған үстел	
	D94.023.904 Психокоррекция жұмысы		
	D94.022.902 Рациональды психотерапия		
	D93.571.415 Таңғыштар		

		D99.590.022 Бұлшықетішілік инъекция D99.590.023 Венаішілік инъекция	- Ұсақ моторика мен үйлестіруге арналған бұйымдар	ұйымдастыру мақсатында
